

АЭжБУ Ғылыми кеңесінің
отырысында бекітілген
(08.08.2024 ж. №15 хаттама)
АЭжБУ Академиялық саясатына
Косымша 30

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ ЕРЕЖЕСІ (ҚБТ)

ҚБТ пайдалана отырып, университетте оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- 1) оқытуды дараландыру;
- 2) оқытудың тиімділігін (сапасын) арттыру;
- 3) дәстүрлі білім беру нысандары қол жетімді емес адамдарға білім беру қызметтерін ұсыну.

Пандемия жариялау және төтенше жағдай енгізу студенттерге дәстүрлі оқыту формаларында білім беру қызметтерін ұсынуға шектеу қойылса, бұл қашықтықтан білім беру технологиялары күндізгі оқытудың студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына қолданылады.

Университетте оқу процессін ҚБТ бойынша ұйымдастыру төмендегілерді пайдалана отырып жүзеге асырылады:

- 1) қашықтықтан оқытуды үздіксіз ұйымдастыруға арналған ақпараттық – технологиялық инфрақұрылым-тұрақты желілік қосылыс, серверлік жабдық, деректерді сақтау жүйелері, киберқауіпсіздік жүйелерінің жұмыс істеуі, коммуникациялық байланыс арналары, Интернет желісіне қосылууды қамтамасыз ету, білім алушының жеке басын сәйкестендіру үшін аутентификация жүйелері, онлайн-прокторинг, құрал-жабдықтар, телекоммуникациялық желіге (Интернет, спутниктік теледидар)шығу мүмкіндігі бар, шеттеп алып пайдалану жүйесін анықтау;
- 2) білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі, оның ішінде веб-сайтты, АЭжБУ білім беру порталын, Кредиттік оқыту технологиясын қамтамасыз етудін автоматтандырылған жүйесін, цифрлық білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын оқытуды басқару платформасы;
- 3) АЭжБУ КЕАҚ әзірлеген ақпараттық қауіпсіздік саясаты негізінде жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігі және деректерді қорғау (24.04.2020 ж. 1-басылым);
- 4) цифрлық білім беру ресурстарымен оқу процесін, онлайн-курстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 5) білім алушылар үшін оқу, оқу-әдістемелік және ұйымдық-екімшілік ақпарат орналастырылған ақпараттық жүйені, сондай-ақ тестілеу жүйесіне және ашық электрондық ресурстарға, көздерге; оқу контентіне (меншікті және/немесе сатып алынған), оның ішінде CD, DVD дискілерге кіретін АЭжБУ порталына білім алушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 6) білім беру қызметтерін ұсыну бойынша цифрлық сервистердің болуын қамтамасыз ету: оқу сабактары мен емтихандардың электрондық кестесі және білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері, электрондық кітапхана; электрондық құжат айналымы, жатақханадан орын алу үшін онлайн-тіркелу; меншікті контентті (жергілікті және желілік) жасау үшін мультимедиа зертханалары; электрондық оқу залы мен мультимедиялық салынаптар;
- 7) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қашықтықтан оқыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

8) сапа жүйесін қамтамасыз етуіне сәйкес ішкі білім беру қызметтерінің сапалық жүйесін мониторингілеу; тестілеу кешенінің болуы;

9) оқытуды басқарудың желілік жүйелері;

10) оку контентін басқару жүйесі.

ҚБТ білім алушыларға қатысты қолданылады:

1) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша;

2) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушылар (дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар, оның ішінде мүгедек балалар, білім берудің барлық деңгейлеріндегі I және II топтағы мүгедектер болып табылатын адамдар үшін);

3) халыкаралық, республикалық оку-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысуышыларға кезендік қатысу;

4) окудың дәстүрлі нысандарына шектеу кезеңінде түскен күндізгі бөлім.

Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқуға қабылдау АЭжБУ-ға қабылдау қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

ҚБТ бойынша оқуға ниет білдірген тұлғалар растайтын құжаттарды ұсына отырып, ҚБТ-ны оқуда пайдалану мүмкіндігі туралы дәлелді негіздемемен университет ректорының атына еркін нысанда өтініш жазады:

1) мамандығы бойынша жұмыс істейтін тұлғалар үшін – жұмыс орнынан анықтама;

2) мүгедек балалар үшін – психикалық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынысы;

3) басқа тұлғалар үшін (академиялық ұтқырлық бойынша білім алушылар және т.б.) – тиісті растайтын құжаттар.

Оқу жылы академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімге сәйкес басталады. Оқу жылы 2 семестрден тұрады және академиялық күнтізбеге сәйкес аяқталады. ҚБТ қолдана отырып оқуға қабылданғаннан кейін студенттер үшін ҚО қағидаттары мен мүмкіндіктерін түсіндіру бойынша кіріспе сабактар өткізіледі, сондай-ақ ҚО пайдаланушы нұсқаулығы беріледі.

ҚБТ қолдану оқу процесі қашықтан және аралас форматтарды қамтиды:

1) қашықтықтан оқыту форматы – бұл білім беру порталындағы offline және online режимінде оқытушылармен тікелей байланыста Internet желісіндегі өзіндік жұмысы (практикалық, зертханалық және СӨЖ тапсырмаларын орындау, курстық жұмыстарды жазу, дәріс материалдарын игеру);

2) аралас оқыту форматы – бұл білім беру порталындағы оқу сабакы (зертханадан басқа), Интернет желісінде offline және online режимінде оқытушылармен тікелей байланыста болу, басқа бақылау іс-шаралары: емтихан тапсыру, курстық, есептік-графикалық жұмыстарды корғау, қорытынды мемлекеттік аттестаттау. Барлық санитарлық шараларды сақтай отырып, оқу аудиторияларындағы зертханалық сабактар.

Оқу қызметінің барлық түрлөрі: оқытушының (тиотордың) студентпен аудиторияда педагогикалық қарым-қатынасы неме электрондық байланыс құралдарын, студенттің оқу құралдарымен өзіндік жұмысын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Оқытушы тиотордың басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы пәннің барлық оқу материалдары бойынша интерактивті консультацияларды (чат, форум, онлайн сабактар арқылы) және білім алушылардың теориялық материалды өз бетінше оқып үйренуін қамтиды. ҚБТ қолдану арқылы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру кезіндегі консультациялар әртүрлі нысандарда жүргізілуі мүмкін: күндізгі жеke (білім алушының бастамасы бойынша); қашықтан жеke (бақылау және аттестаттау жұмыстарына рецензиялар, телефон арқылы, e-mail. чат, форум, онлайн консультациялар арқылы);

қашықтан топтық (чат, WEB сайтта жи қойылатын FAQ айдары арқылы, телеконференция түрінде және т.б.).

Қашықтықтан оқыту кезінде оқу сабактары бейне-дәрістер, мультимедиа дәрістер; онлайн дәрістер, электрондық оқу басылымдары бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысы; компьютерлік тестілеу жүйелері; форумдар, чаттар және электрондық пошта арқылы консультациялар нысанында өткізіледі.

Қашықтық форматындағы студент емтихан сессиясы басталғанға дейін пәндер бойынша көзделген барлық тапсырмаларды орындауга міндетті. Аралық аттестаттауға (емтихан) студенттер директорының өкімімен жіберіледі.

Студенттер емтихан сессиясына семестрлік бақылау нәтижелері бойынша он рейтингісіне ие болаған жағдайда жіберіледі (50 % жоғары). Пән бойынша қорытынды бағага рұқсат рейтингін бағалау және қорытынды бақылау кіреді. Емтиханға жіберу рейтингісінің үлес салмағы 60 %, емтиханның үлес салмағы 40 % құрайды. Рұқсат беру және қорытынды бақылау (емтихан) рейтингісінің бағасы 0-ден 100 пайызға дейін қойылады.

Білімнің жалпы қорытынды бақылауы студенттің барлық бақылау жұмыстарын оқу порталында тіркеу және қорытынды бақылау тестілерін өткізу арқылы жүргізіледі. Оқу сабактарының барлық түрлері бойынша оқу жетістіктері білімді бағалаудың балдық – рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

Академиялық кезеңдердің қорытындылары бойынша академиялық берешектері болған жағдайда студент қосымша семестрде емтихан тапсыру рәсімінен өтуге міндетті. ҚБТ қолдана отырып оқитын студенттердің академиялық қарыздарын жою үшін, сондай-ақ жеделдетілген оқу қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында қосымша семестр ұйымдастырылады. Жазғы семестрді ұйымдастыруды және студенттерді жазғы семестрден өтуге тіркеуді тиісті институт жүзеге асырады.

Жазғы семестрде академиялық қарыздарды тапсыру рәсімі пәндер бойынша тапсырмаларды қашықтықтан орындауды және жазғы семестрді ұйымдастыру мерзіміне сәйкес академиялық қарыздар пәндері бойынша емтихан тапсыруды көздейді. Жазғы семестр кезеңінде игерілген пәндер бойынша емтихандардың нәтижелері ауысу балында (GPA) ескеріледі. Студенттің оқыған пәндері бойынша алған барлық балдары транскрипте көрсетіледі.

Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру академиялық күнтізбеде және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларында көзделген мерзімде жүргізіледі. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын толық орындаған және жеке оқу жоспарына сәйкес таңдалған мамандық бойынша оқу бағдарламасын мендерген және қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі (2021 жылдан бастап).

АӘжБУ-да қашықтықтан оқыту технологиясын іске асыру үшін негізгі құрал ретінде ағындық сабактарга арналған Platonus жүйесі және Microsoft Teams платформасы пайдаланылады.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған жүйе оқытушы мен студент арасында да, студенттердің өздері арасында да кез - келген форматтағы файл алмасуды қолдайды. Platonus жүйесінде сабактарды дайындау және өткізу кезінде оқытушы курс элементтерінің жиынтығын пайдаланады, оған мыналар кіреді (тізім өзгеруі мүмкін): глоссарий, ресурс, тапсырма, форум, wiki, сабак, тест, webinar, аудиолекциялар және т. б.

Порталда интерактивтілікті күшетту үшін online-offline (чат, форум, сауалнама, электрондық пошта) стандартты сервистерінен басқа, Microsoft Teams онлайн сабактар өткізу сервисі қолданылады, ол барынша ақпарат беруге мүмкіндік беретін түрлі құралдары бар (web камерадан алынған сурет, кіріктірілген чат, интерактивті тақталардың

шексіз саны, бейнематериалдар мен пайдалануышының әрекеттерін монитор экранынан трансляциялау және т.б.) бар виртуалды онлайн сынып болып табылады.

Академиялық қызмет
жөніндегі проректор

Келісілді:

Академиялық мәселелер
жөніндегі департаментінің
директоры



С. Байзакова